



## Қазақстан Халық партиясының Сайлауалды бағдарламасы

**Халық, жер және әділдік!**

**Құрметті қазақстандықтар!**

Биыл елдің нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайы Үкіметтің болжамына сәйкес келмей, түбегейлі өзгергенін көріп отырмыз.

Әлемдік экономиканың даму қарқынының баяулауы бюджетке түсетін түсімдердің қысқаруына алып келді және экономиканың дамуын тежеуде. Үкіметтің іс-әрекетінің тоқырауы мен жеткіліксіздігі әлеуметтік шиеленістің өсуіне ықпал етеді. **Қарапайым қазақстандықтар тиісті қорғаусыз қалды.**

Біз, Қазақстан Халық партиясы, қарапайым адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жалғастыру үшін Парламентке барамыз және бірінші кезекте **мынадай міндеттерді** шешуді қарастырамыз:

1. Қазақстан дамуының жаңа өзегі ретінде әлеуметтік мемлекет құру.

2. Қазіргі шынайы жағдайға байланысты экономикалық стратегияны өзгерту.

3. Үкімет жұмысының ашықтығын және оның түпкілікті нәтижеге бағдарлануын қамтамасыз ету.

**Осы міндеттерді шешу үшін біз жаңа әлеуметтік бағыттың негізі болуға тиіс ұлттық 10 бастаманы ұсынамыз!**

### **1. Денсаулық сақтау мен білім берудің қолжетімділігі өрі сапалылығы.**

Оқу қолжетімді болуы керек. Ол үшін **тегін** білімге көшу қажет. Біз тиімділігі төмен жоғары оқу орындарының санын қысқартып, оқу сапасын арттырамыз, бағдарламаларды экономиканың қажеттілігіне қарай қайта қараймыз.

**Мұғалімдердің мәртебесі** заңнамалық тұрғыдан ғана емес, материалдық жағынан қолдау табуы керек. Ақшалай өтемақы мен арнайы төлемдер енгізу қажет.

Коронавирус пандемиясы денсаулық сақтау саласының әлі де жетілмегенін көрсетті. Жаңашылдықты бақылаусыз енгізу жылдар бойы жинақталған артықшылықтардың жоғалуына алып келді.

Сондықтан біз медицинаға арналған **шығыстарды арттыруды**, міндетті медициналық тексерудің және азаматтарды емдеудің кепілді **көлемін ұлғайтуды** ұсынамыз. Мемлекет ауыр науқастарды емдеуге жұмсалатын барлық шығынды өтейді.

Бұл ретте мемлекет азаматтардың денсаулығы есебінен ақша табуға тиіс емес. Біз **әлеуметтік сақтандыру қорын таратуды қолдаймыз**. Жиналған қаражат ауруханалар мен емханаларды жаңғыртуға бағытталуға тиіс.

Медициналық мекемелерді технологиялық қайта жабдықтауды, медициналық персоналдың құзыретін кеңейтуді және осы саладағы цифрландыруды **ерекше бақылауға** аламыз.

Партия барлық спорт нысандарының халық үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Зиянды тағамдық қоспаларды пайдалануға тыйым салатын және өнімдер мен дәрі-дәрмектерді бұрмалағаны үшін қылмыстық жазаны қатаңдататын өнім сапасы туралы жаңа заң қабылдауды бастаймыз.

## **2. Қазақстандықтардың тұрғын үй мәселесін шешу.**

**Жайлы және қауіпсіз жағдайларда өмір сүру сапасының ең төменгі стандарттарын** заң жүзінде бекіту қажет. Кепілдендірілген пакетке жаңа экологиялық талаптардың міндетті түрде сақталуы, барлық елді мекендерде жолдар, әлеуметтік нысандар (балабақшалар, мектептер, емханалар) мен демалыс орындарының салынуы секілді бағыттар енгізілуі тиіс.

Біз жас отбасылар мен халықтың әлеуметтік осал тобы үшін **тұрғын үйдің** өзіндік құнын төмендетуге қол жеткіземіз. Осы мақсатта мемлекет шаршы метрдің тиімді құнын және мұқтаждарды қолдаудың қосымша құралдарын әзірлейді, **тіпті несиелеудің нөлдік мөлшерлемесін белгілейді.**

Біз қазақстандықтар үшін жер мәселесін түбегейлі шешеміз. **Әр отбасы** үй және үй шаруашылығын салу үшін **20 сотық жер алады.** Мемлекет бұл учаскелерге барлық қажетті инфрақұрылымды жүргізеді. Біз, Қазақстан азаматтары жеке жер учаскесін иеленуге құқылымыз!

## **3. Мемлекет қазақстандықтарға лайықты қарттық үшін кепілдік беруі керек.**

Қазіргі зейнетақы жүйесі ашық емес және әділетсіз. Қазақстандықтардың жинақ деңгейі төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан **ынтымақты жүйеге қайта оралу** керек және еңбек жағдайларының күрделілігіне қарай зейнетақы жасын айқындаудың тәсілдерін қайта қарау қажет.

Біз зейнет жасын жынысына қарамай 60 жасқа дейін төмендетуді қолдаймыз.

Тағы бір жаңашылдық – зейнетке шыққанға дейін белгілі бір жасқа жеткенде жұмыс уақытын біртіндеп қысқарту.

#### **4. Экономика капиталистердің емес, халықтың мүддесі үшін.**

Біз табиғи ресурстарымызды халықтың қызметіне және бақылауына береміз.

Ол үшін шикізат секторын қолдаудан ауыл шаруашылығына, өндіріс пен ғылымды дамытуға бағдарланамыз.

Цифрлық технологияларды енгізу білімге негізделген секторларды – ғылыми-техникалық қызметті, инжинирингті, көрсетілетін кәсіби қызметтерді, жоғары технологиялар мен цифрлық сервистерді дамытуды талап етеді. Біз талантты жастарымызға – Қазақстанның болашағына сенім артамыз!

Біз **шетелдік инвестицияларды тарту кезінде ұтымды тәсілді** және осы жобалардың пайдалылығына алдын ала талдау жүргізуді қолдаймыз. Бұл процеске біздің халық толықтай қатысатын болады.

Партия жер ресурстарына мемлекеттік меншіктің сақталуын қолдайды және **шетелдіктердің жер иеленуіне салынған тыйымның сақталуын бақылайды.**

Ревизия жүргізіп, тиімсіз **ұлттық компанияларды** жою қажет. Сонымен қатар қайталанатын және тиімсіз мемлекеттік бағдарламаларды қысқартуға бастамашы боламыз.

#### **5. Ауыл шаруашылығы – экономиканың драйвері және азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі.**

Бірегей аграрлық әлеуеті бар Қазақстан **экономиканың шикізаттық моделінен тиімді сауда саясатын құра отырып, қайта өңдеуге ойысуы тиіс.**

Барлық жобаларды ғылыми сүйемелдеуді, өндірістің толық циклін енгізуді, қолдау мен салықтық ынталандырудың икемді жүйесін кіріктіруді көздейтін **саланы дамытудың ойластырылған жоспары** Қазақстан тарихының жаңа парағына айналады.

Бастапқыда ауыл шаруашылығының, тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының жаңа **кеңістіктік-аумақтық схемасын** бекіту қажет. Осылайша, импортты алмастырудың мүмкіндіктері мен әлеуетін ескеретін мемлекет пен қоғамның іс-қимыл картасы жасалады.

Экономикалық тұрғыдан өзара байланысты және сол арқылы өзара тұрақтылықты қамтамасыз ететін орта және шағын шаруашылықтар мен фермалардан тұратын **агрокластерлер** тиімді болмақ.

Өртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының, оның ішінде халықаралық ҒЗИ-дың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кейіннен оларды өндіріске енгізіп, **агрофермалардың стандартты жобалары** әзірленетін болады.

Ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды және материалдық-техникалық жабдықтау базасын қайта жаңғырту қажет. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін бағаны тиімді бақылауды және сауда үшін, оның ішінде электрондық тауар биржалары арқылы қолайлы жағдайларды енгізу қосымша ынталандырылатын болады.

## **6. Банктердің есебінен жеке және заңды тұлғаларға несие рақымшылығын жүргізу.**

Шектеу шараларына дейін тұрақты түрде салық төлеген, жұмыс орындарын құрған және локдаун салдарынан кредит төлеуде қиын жағдайға тап болғандар көп.

Жеке тұлғалардың банкроттығы институтының жоқтығы жағдайында несие рақымшылығы қоғамдағы тұрақтылықты

сақтаудың жалғыз құралы, сондай-ақ микро және шағын бизнестің өмір сүруінің негізгі шарты болып қала береді.

## **7. Салық салудың әділ саясаты.**

Байларға салық ауыртпалығы артып, мұқтаж адамдар үшін жойылады. Бұл ретте ынталандыру салалар немесе жобалар үшін нақты сипатқа ие болады.

Біздің ұсынысымыз:

- ✓ шетелдік және жылжымайтын қымбат мүлік мұрасына, азаматтардың үстеме кірістеріне салық салуды ЭЫДҰ елдеріндегі деңгейге дейін – 30%-ға арттыру;
- ✓ қазақстандық компаниялардың таза кірісін шетелге шығаруға 0-ден 10%-ға дейін сараланған салық салуды енгізу;
- ✓ үш және одан да көп тұруға арналған жылжымайтын мүлік нысандарына, екі және одан да көп коммерциялық жылжымайтын мүлік нысандарына әрбір жылжымайтын мүлік нысаны үшін 2 есе арттыру коэффициентімен салық салуды енгізу;
- ✓ қосымша құн салығын сату салығына ауыстыру.

Салықтық демалыстар, мемлекеттік кредиттердің мерзімін ұзарту және тексерулерді алып тастау есебінен **шағын және орта бизнесті** қолдау үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

## **8. Мемлекеттік шешімдерді іске асырудың ашықтығы мен тиімділігін бақылау.**

Бүгінде орталық органдар мен әкімдіктердің іс-қимылында сәйкессіздік пен бытыраңқылық байқалады.

Біз биліктің қатаң вертикалін орнатып, жергілікті жерлерде мемлекеттік шешімдердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етеміз.

Біз билік органдары **қызметінің ашықтық деңгейін** арттыруға, қоғамды саяси шешімдер қабылдауға тартуға, билік пен халық арасындағы кері байланыс қағидатын іске асыруға

қол жеткіземіз.

Қоғамды саяси шешім қабылдауға тарту үшін **«Халықтық кеңестер»** құрылады. Олардың міндеті – жергілікті билік қабылдаған шешімдердің орындалу сапасын объективті түрде бақылау.

Басқарудың әрбір деңгейі үшін нақты **нәтижені өлшеу көрсеткішін** белгілейміз. Қоғам олардың жұмысын осы арқылы бағалайды. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу үшін әрбір өкім мен министр жеке жауапкершілік арқалайды.

Бұл мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды, мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіруді, билікті еселеп қысқарту есебінен оның вертикалін тиімді құруды талап етеді. Бұл мемлекеттік аппаратты ұстауға жұмсалатын шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

**Мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оқыту тәсілдерін қайта қарау қажет.**

Баянды болашаққа кепілдік беретін «әлеуметтік лифтілер» есебінен әрбір адам қоғамға әлеуметтік интеграциялану үшін тең құқықтарға ие болады.

### **9. Сот жүйесінің бейтараптылығы.**

Партия алқабилер институтын қолдануды кеңейту және судьяларды сайлау үшін негіз құру арқылы **соттың нақты тәуелсіздігі** мен әділеттілігіне кепілдік береді.

Ол үшін Қазақстан Халық партиясы сот жүйесін реформалауға бағытталған заңнамалық нормаларға бастама жасайды.

### **10. Халықтың рухани мұрасы.**

Қазақстан Халық партиясы Қазақстан қоғамының негізгі міндеті – елде тұратын **барлық этностардың мәдени мәдени мұрасын сақтаудың** тиімді тетіктерін құру екенін жақсы біледі.

Біз барлық азаматтарға құрмет, төзімділік, тілектестік және тең қарым-қатынасты тәрбиелеу ғана экономика мен әлеуметтің табысты дамуының негізі болатынына сенімдіміз.

Маңызды міндеттің бірі – **этномәдени кодты жоғалтуға жол бермеу** және мәдениетті, дәстүрлер мен инновацияларды ұштастыратын қазақ ұлтының қазіргі заманғы бейнесін қалыптастыруды жалғастыру.

Халықты **шоғырландыру идеясының негізгі компоненттері** ретінде партия мыналарды анықтауды ұсынады:

✓ Қазақстан халқының рухани бірлігінің негізі болып табылатын жалпы тарихи жетістіктер мен өткен күнге құрметпен қарау;

✓ қазақстандықтардың менталитетіне тарихи тұрғыдан енген мәдени және адамгершілік құндылықтарды қайта түлету әрі жаппай танымал ету.

**Қазақстан Халық партиясы қазақстандықтар үшін әділеттілік пен жаңа әлеуметтік бағыттың уақыты келді деп санайды!**

Біз қоғамның, партияның қолдаушылары мен жанашырларын **Қазақстан Халық партиясына** дауыс беруге шақырамыз!

**АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!!!**

---